

## Жарқамыс орта мектебінің мектепішлік өзін-өзі аттестациядан өткізу корытындысы туралы анықтама

### **Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау**

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамысыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамызындағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім ұйымдарында мемлекеттік аттестаттаудан ұйымдастырыу және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы №26 шілдедегі №366 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдеде тіркелген.

Мектепішлік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

- 1.Жиенбаева С.С - комиссия төрайымы, мектеп директоры.
- 2.Туртаева И.К - директордың оку ісі орынбасары, комиссия мүшесі.
- 3.Абдуллин Н.Р. - директордың тәрбие ісі орынбасары, комиссия мүшесі.
- 4.Орынбаева М.Ж.-кәсіподақ төрайымы ,комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріп сарапталды.

Ылым мекемесін басқару-жалпы оқу үрдісінің көзге көрінбейтін ішкі механизмі болып табылады. Бұл механизмнің мәнін тек терең жасалған педагогикалық талдаудың нәтижесінде ғана ашуға болады. 2023-2024 оқу жылдарының корытындысына педагогикалық анықтама жасау ісі кеткен кемшиліктердің себебін анықтау, алдағы оқу жылары міндеттер белгілеу болып табылады. Бұл мұғалім үшін мектептегі педагогикалық үрдіс туралы толық түсінік қалыптастырады.

I. ЖАЛПЫ МЕКТЕПТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫ :

II.ЖАЛПЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫНА САРАПТАМА:

III.МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТИНЕ САРАПТАМА:

IV.МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ ОҚУМЕН ҚАМТУ ЖҰМЫСЫНА САРАПТАМА.

1. Оқушылар қозғалысы. Оқушылар контингенті

2.Жетім,жартылай жетім және әлеуметтік жағдайы нашар ,көп балалы жануя оқушыларымен жұмыс.

3.Оқушыларды еңбекпен қамту

V. ПЕДАГОГ МАМАНДАР ЖҰМЫСЫНА САРАПТАМА

1.Пәндік және МО бойынша жұмыс.

2. Мектептегі озық тәжірибе жұмыстары.

3. Өз білімін көтеру .

4. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс

5.Әдістемелік апталық өткізу

6. Аттестация

VI. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІНЕ САРАПТАМА.

1. Әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмыс.

2.Әдістемелік кеңесте қаралған мәселелер

3.Мектептің Әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау.

4. Дарынды балалармен жұмыс

VII. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫ.

1.Ұлттық бірыңғай тестің сараптамасы

2. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 53%

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінің ұстар азаматтар-бүгінгі мектеп оқушылары.

«Халықты халықпен,адамды адаммен теңестіретін-білім» деп ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады.Мектептегі білім-барша әлем тыныс тіршілігінің алғашқы іргетасы.Тәуелсіз еліміз қанатын кеңге жайған,ел экономикасы өркендеген бүгінгі таңда мемлекетіміздің алдында тұрған мәселенің бірі-білімді де іскер,ғылымға қабілеті бар,заман талабына сай буын қалыптастыру.

Ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат,өйткені ол-мектептің жүргегі»-деп бекер айтпаған.

Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын көтеру жұмысын ұйымдастыру мен басқару тәсілдерінің мақсаттары қазіргі кезеңде білім беру мекемесінің алдында тұрған күрделі мәселе.Тәуелсіз Қазақстан Республикасының елбасымыз - Білім саласы қызметкерлері алдына осы мәселені үнемі қойып келеді.Еліміздің жас

ұрпағы дүние жүзінің өркенниетті елдері жастарымен тең дәрежеде тең өлім алыу педагогикалық ұжымның жауапкершілігін күннен күнге артып келеді. Осы мақсатта жұмыс жасап келе жатқан **Жарқамыс орта мектебінің мұғалімдері де өздерінің алға міндеттеген** жоспарлары бойынша қызмет атқарып келеді. Эрбір әдістемелік бірлестіктердің негізгі мақсаты: зердесі мен кәсібиқұзырылық және педагогикалық шеберлік деңгейін үздіксіз жетілдіру. Міндеттері: кәсіби шеберліктерін шындау, кәсіби жұмысты жандандыру, мұғалімнің кәсіби біліктілігін көтеру, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімнің ізденімпаздығын арттыру, әдістемелік оқулықтарды талқылау, мектепте туындаған проблемалық жұмыстарды нақты жұмыс түрлерін құру арқылы шешу жолдарын құру, сондай, ақ дарынды, нашар оқушылармен жан-жақты жұмыс жасай отырып, білім сапасын арттыру барысында оқушылардың білімі мен біліктілігіне талап қоя отырып, нақты бағалай білу. «Дарынды» орталықтармен, облыстың әдістемелік орталықтармен үнемі байланыста бола білу бірлестік мүшелері өзара сабакқа ену сабактарды талдай білу де өзіндік шеберлікке жатады. Тәжірибе тарату, тәжірибе алмасу, конференцияларға қатысу, басылым журналдарына жазылу, баспаларға материалдар беру, семинарларға қатысады мақсат ету жөнінде бағыт бағдар беріліп отырды. Оқу жылы басында 2023-2024 оқу жылына бағдарланған нұсқау хатпен танысып пәндік кітаптарды кітапханамен байланысып жетпейтінін ата-аналарының жағдайы келетіндеріне алдырып оқытуды мақсатқа алғанбыз. 2023-2024 оқу жылы да еліміз де мектеп ұжымы үшін тынымсыз жұмыстарға толы болды. Біріншіден 2023-2024 оқу жылының басында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламасын негізге ала отырып күнтізбелік –тақырыптық жоспары құрылып, бекітілді. Біздің мектепте 53 мұғалім жұмыс жасады. Жоғары санатты мұғалім саны-0, бірінші санатты мұғалім саны-0, екінші санатты мұғалімдер саны-1, санатсыз мұғалімдер саны-21. Педагог-сарапшы-20, педагог зерттеуші-5, модератор-6. Жоғары білімді -48, арнаулы орта-5.

Жарқамыс орта мектебінде оқушы контигентіне сараптама жасасам мектебімізде 2023-2024 жылында бастауыш кластарда 137/64, 5-9 кластарда 154/65 жоғары кластарда 36/15. Оқу жылын 327/144 оқушы аяқтады. Мектеп алды даярлық тобында 1 топта 20/9 және 2 топта 20/10. Барлығы 40/19 оқушы аяқтады.

Бастауыш саты бойынша 27 үздік 14 і қыз бала, 35 екпінді 22 і қыз. Орта буында -30 үздік 24-і қыз бала, 47 екпінді 24-і қыз бала, жоғары буын -3/2, 10 екпінді 7 қыз бала. Барлығы 286 оқушының 4 пен 5 ке оқитындар 152. Жаратылыстану пәндер бойынша сапа 63, гуманитарлық бағыт бойынша сапа 64.

Жыл аяғында жалпы мектеп бойынша білім сапасы сапа 53% пайызды көрсетті. Ұлттық бірынғай тестілеуден 16 мектеп бітірушінің 10 і қатысып орта балл 50 пайызды көрсетті.

Әдістемелік бірлестік жетекшілермен тоқсан сайын отырыстар өткізілді (Санкина Майра, Отарбаева Жұлдыз, Усенова Нурболған, Орынбаева Маржан). Әдістемелік бірлестік жетекшілер тоқсан соңдарында мектепішілік срездер алынып отырды.

Іексеру нәтижелері анықтамаға түсіріліп отырды, нашар оқушылармен, үздік оқушылар мен жоспарлы жұмыс жасалып бағдар берілді. Эр мұғалім жоспарлы белгіленген ашық сабактарын өткізді. Сонымен бірге баяндамалары жасалынып тыңдалды. Білім негізі-бастауышта деп бекер айтылмаған. Білім бастауыш класта қаланып, білімге сара жол салынады. Біздің бастауыш класс мұғалімдері де өз бағыт-бағдарларымен жұмыстанды. Ашық сабактар этаптарымен, үлкен дайындықтарымен, интерактивтік тақтаны мүмкіндігінше пайдаланып жақсы қызығушылықпен өткізді. Бастауыш кластарда оқу тоқсаны бойынша жоспарланған әдістемелік жұмыстар жүрді. Бастауыш әдістемелігінде 10 мұғалім жұмыс жасады. 4 мұғалім сарапшы, санатсыз-4, модератор -2. Ашық сабактар, баяндамалардың негізгі мақсаты: Сабак барысында жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сызбалар мен көрнекіліктерді тиімді пайдалану, ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сауаттылығын арттыру, рухани байлықтарын шындау, белсенділіктерін көтеру. Сабактар өз мәнінде өтті, бағасын алды. Мектебімізде әдістемелік бірлестіктерде онқұндік апталықтар жыл сайын өткізіліп жалғасын тауып жақсы жұмыстар жасалды. Өркениет бірлестігінде қыркүиек айының 15-25 аралығында «Тіл мәртебесі-ел мерейі» атты онқұндік, Қазына бірлестігінде «ИФМ-де-Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар» атты онқұндік, Арна бастауыш бірлестігінде «Білім негізі- бастауышта» атты онқұндігі Руханият бірлестігінде «Қолөнер байқауы» атты онқұндігі химия, биология, география пәндерінің «Жаратылыстану сыры тұңғылық, көз жетпейтін мұнарасы тым биік»- атты онқұндіктері аталып өтті. Соның ішінде жаратылыстану пәндерінің апталықтары өте қызықты өткізілді. Көрнекіліктер мол болды . Мектеп дәлізінде тәжірибелерге оқушылар белсене қатысты . Көңілді үзілістер үздіксіз өткізілді.

Апталық оқушылар шығармашылығынан өлең оқумен басталды. Оқушыларға тапсырмалар, бөлме өсімдіктерінен жоба қорғау, қолдан гүл жасау тапсырылып өте жоғары деңгейде көрсетілді. Мектебімізде 2023-2024 оқу жылы ауыз толтырып айтартылғатай деңгейде жұмыстар жасалды десем артық емес.





Мектептің жылдық жұмыс жоспары арқылы логикалық ретпен анықтау үшін ең алдымен оку жылына жасаған талдауды ескере отырып, проблемаларды шешу үшін келесі оку жылына қажетті ұсыныстар беріліп, басым бағыттар анықталады. Атап көрсетсек:

**Ұсыныстар:**

1. Төмен білім сапасын 10а- 30 % көрсетуіне байланысты әр пән бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілсін мектепішілік бақылауға қойылсын;
2. Тәрбие жұмысы бойынша мектепішілік бақылауға қойылсын;
3. Дарынды балалармен жұмысты жандандыру, Дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтар мен психологтардың кәсіби дайындығын жетілдіру;
4. Жаңа ереже бойынша аттестаттаудан мұғалімдердің дайындық деңгейі қатаң бақылауға алынсын;
5. Сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдердің ашық сабак, тәрбие сағаттарын өткізу барысының дұрыс жүруі қадағалансын;
7. ҰБТ-ге дайындық жұмысы жандандырылсын
8. Оқушылары пәндері бойынша «5» балдан төмен нәтиже көрсеткен төмендегі пән мұғалімдеріне ескерту берілсін, мектепішілік бақылауға қойылсын .

Осы ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, жаңа оку жылының басым бағыттары, мақсат міндеттері анықталды

**2023 – 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

- ✓ Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
- ✓ Жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмысты жалғастыру
- ✓ Денгейлік бағдарлама идеясын жүзеге асыру.
- ✓ Қоғамдастық жұмысы арқылы үштік одақтың жұмысын жетілдіру
- ✓ Оқушыларды шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарға, жобалар мен бағдарламалар даярлауға тарту (оқушылардыңғылыми қоғамы арқылы);
- ✓ Сын тұрғысынан ойдана алғын бәсекеге қабілетті дарынды тұлғаны тәрбиелеу;
- ✓ Мектеп үйлестірушінің жұмысын жандандыру
- ✓ Сабактастықты қамтамасыз ету, мектепің білім, тәрбие сапасын көтеру
- ✓ Мектепішілік бақылау жұмысын жетілдіру, нақты іс-шаралар жоспарлау арқылы олқылықтарды жою.

Мектептің бір жылдық жұмыс жоспарының бағыттары бойынша жоспарлауда ең алдымен әр бағыттың жаңа оку жылында қойылған міндеттері көрсетіледі. Міндеттер мектеп жұмысының мақсатына сәйкес алынады.

### **Мектептің өзекті мәселесі:**

Жеке тұлғага және нәтижеге бағытталған оқыту жүйесін пайдалана отырып, сын тұрғысынан ойлау технологиялары арқылы сынни ойлайтын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

### **Мақсаты:**

Бәсекеге қабілетті, ұлттымыздың құндылықтарын сақтай біletін, қазіргі заманға сай сапалы біліммен қаруланған, сынни тұрғыдан ойлана алатын, кең ауқымды дағдылар қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Эр окушының болмысы арқылы дамутышылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру;
2. Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
3. Жеке тұлға қалыптастыруда интербелсенді әдістер арқылы қазіргі заманауи технологияларын игеру;
4. Жеке тұлғага және нәтижеге бағытталған оқыту арқылы окушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ашу;
5. Сын тұрғысының ойлана алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

### **Күтілетіне нәтиже:**

- Сын тұрғысының ойлана алатын, алғагын білімін өмірде қолдана алатын, жан-жақта, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптасады..
- Ұлттымыздың құндылықтарын сақтай біletін, қазіргі заманға сай сапалы біліммен қаруланған отансүйгіш азamat тәрбиленеді;
- Сын тұрғысынан ойлау технологияларын жетік менгерген, шығармашыл, жан-жақты (креативті) мұғалімдер саны арта түседі.
- Жек тұлғага және нәтижеге бағытталған оқыту жүйесі арқылы окушылардың тұлғалық ерекшілектері ашылады.
- Интербелсенді әдістер арқылы өз ой-пікірлерін дәлелдей алатын, ақпаратты жан-жақта талдай алатын құзіретті тұлға қалыптасады.

### **Мектептің жылдық жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады:**

I	Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамтамасыз ету жұмыстары
II	Оқу-тәрбие үрдісін үйымдастыру
III	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартын орындау
IV	Әдістемелік қызметті үйымдастыру
V	Педагог мамандарымен жұмыс : 5.1. Педагог мамандарды аттестаттау 5.2 Біліктіліктерін көтеру, өз беттерімен білімдерін көтеру 5.3. «Озық тәжірибелі тарату» мектептің жұмыс жоспары.
VI	Инновациялық үрдістерді басқару
VII	Мектепте тәрбие жұмыстарын үйымдастыру
VIII	Мектепішілік бақылау жүйесі
IX	Мектептің материалдық- техникалық базасын нығайту

Мектептің жылдық жоспарында осы аталған проблемалар қалай көрініс табады? Проблемаларды жою үшін ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, жаңа оку жылдарынан жоспарына:

1. Мемлекеттік жалпыға міндettі білім стандартын орындау бөліміне жоғарыда көрсетілген мектепішілік бақылауға қойылған сыйыптарды, пәндердің білім сапасын көтеру мен ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын қадағалау жоспарлау, іске асыру;
2. Мектепішілік бақылау бөлімінің жоспарына кіргізу, бақылау мерзімін нақтылау т.б
3. Тәрбие жұмысы бойынша көрсетілген проблемаларды оку жылдарынан жоспарындағы мектепте тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінен көрініс тауып, мектепішілік бақылау жоспарымен сәйкестіру;
4. Оку-тәрбие жоспарынан әдістемелік бөлімі мен педагогикалық кадрлармен жұмыс бөлімінің жоспарына аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді бақылауға коюды және дарынды балалармен жұмысты жандандыру туралы жоспарлау енгізілді;

Қорыта келгенде, аталған проблемаларды шешу үшін нақты іс-шаралар жоспарлау қажет. Ол үшін әкімшіліктің лауазымдық міндettтерін бекітіп, жауапты адамдарды, орындау мерзімін белгілеу қажет. Шараны өткізу барысы емес, нәтижеге жету туралы болу керек. Егер тек қана үдеріске назар аударып қана койсақ, онда нәтижеге әсер еткен себептерді бірден анықтау мүмкіндігі төмен болады. Ал нәтижеге бағытталған талдау күтілетін нәтижелерден басталады. Бұл жағдай ізденіске әкеледі, одан кемшіліктер анықталып, оны жою нақты жүзеге асырылатын болады.

ДОІЖА *Мурзек* Гуртаева И